

Майталман ұстаз, ғылым сардары

XX-шы ғасыр – қазақ елінің білімі мен ғылымы тыңнан ту көтеріп, шарықтап, жапырағын кеңінен жая дамыған ғасыр. Барша ел сауатын ашып, білім бұлағынан молынан сусындады. Ел ішінде бұрын болмаған ғылым ордасы шаңырақ көтерді. Нәтижесінде баянды білімімен, іргелі ғылымымен ғасыр ортасын еңсере бере қазақ елі әлем өркениетіне көтеріле білді.

Осыған жеткізген заман, қоғам, саясат десек те, аталмыш салалардағы тиянақты нәтижелердің негізінде ұлт қайраткерлерінің, ғылым-білім сардарларының ерен еңбектері жатыр. Олар осы салалардың көшін бастады, сарадан жол сала білді, оларға керекті жүздеген, мыңдаған шәкірттер өсірді, әлем елдеріндегі озық үлгілерді өздерінің де, шәкірттерінің де бойларына сіңдіре білді.

Геологияда Қаныш Сатпаев, энергетикада Шафик Шокин, тарих ғылымында Әлкей Марғұлан, математикада Орынбек Жаутыков, химияда Әбікен Бектуров, биохимияда Темірбай Дарқанбаев, генетикада Фазыл Мұхамеджанов, экономикада Сақтаған Байшев, түркологияда Ісмет Кенесбаев, заң ғылымында Салық Зиманов, тау-кен саласында Әбілқас Сағынов – бұлар қазақ білімі мен ғылымының іргетасын қалағандар, есімдері ел құлағында, өмірлері, жүрген жолдары ел тарихында мәңгілік хатталған. Осылардың қатарында ғылыми ізденістерімен қатар әр салада өзінің ұстаздық мектебін құрып, соған барша өмірін арнаған, соның арқасында артына ормандай шәкірт ертіп қалдырған абзал ағаларымыздың да атын атау орынды. Мысалы, Қазақстанда ең бірінші болып шаңырақ көтерген мемлекеттік, қазір Эль-Фараби атындағы ұлттық университетті алсақ, өз білім мектебінің іргесін қалағандар деп химик Батырбек Беремжанжановтың, әдебиетші Зейнолла Қабдоловтың, педагог-психолог Төлеген Тәнібаевтың, экономист Яхия Аубакировтың есімдерін мақтанышпен айта аламыз. Осы ғылым-білім саңлақтарының қатарында бүгін жасы 85-ке шыққан абзал ағамыз Сұлтан Сартаевтың да көрнекті орны бар. Сұлтекең заң ғылымының тұңғыш көшін бастаған ағаларымыздың бірі, жарты ғасырдан артық тек бір

шаңырақ астында – Әл-Фараби атындағы ұлттық университетте өзінің ұстаздық мектебін құрып, оның дәрежесін тек Қазақстанда ғана емес, бұрынғы Совет Одағында да көрнекті көтере білді.

Осы зор парасат иесі, келбетінен ізгілік пен шапағаттың нұрын шашқан Сұлтекеңнің өмір жолы кім-кімге болса да үлгі боларлықтай. Бір қырынан алсақ, қайсарлық пен табандылықтың үлгісі. Сонау балғын жасында металлург боласың деген үкіметтің өктемдігіне көнбей, заңгер болам деп талай есіктерді қағып, тіпті Сталиннің өзіне арызданып, ақыры заңгерлер мамандығы бойынша университетке оқуға түсуі қайсарлық емес пе. Заңгер болып майталман ұстаз ретінде, дарынды ғалым ретінде бүкіл саналы өмірін заң саласында арнауы өз таңдауына деген табандылығы емес пе.

Екінші қырынан алсақ, жасампаз, ізденгіш, зор дарын иесі. Өткен ғасырдың сонау 40-50-ші жылдары Мәскеуге, ондағы атышулы ғылым ордаларына жол таба білген біздегі ұлт азаматтары санаулы-ақ болатын. Өз білімі мен біліктілігіне сенгендер ғана Ресейге қарай сапарға шығатын. Солардың бірі емес, бірегейі Сұлтан Сартаев болды. Сұлтекең өз ғылыми ізденістерін һәм ашқан жаңалықтарын Москваның заң институтының, М.Ломоносов атындағы Москваның мемлекеттік университетінің жетекші ғалымдарының талқылауына салып, өз ізденістерінің іргелі, дәлелді және соны жаңалық екеніне солардың көзін жеткізе білді. Нәтижесінде бүкіл Одақ көлеміндегі жоғары мәртебелі ғылыми кеңестерде алдымен кандидаттық, бірақ жыл өткен соң докторлық диссертациялар қорғап, олар бірауыздан мақұлданды. Осының арқасында Қазақ заң ғылымының кеңістігі ұлғайды, дәрежесі өсті. Еліміздегі заң ғылымының іргелі ізденістерімен әлем деңгейіне көтерілуіне ерекше еңбек еткен кеше ортамыздан өткен академик Салық Зиманов және бүгін мерейтой қарсаңында тұрған академик Сұлтан Сартаев. Осы абыз ағаларымыздың арқасында еліміздің заң ғылымы, оның қайраткерлері Одақ көлемінде, одан да басқа елдерге молынан танымал болды.

Сұлтекеңнің тағы бір баршамыз мақтанышпен атайтын қыры – оның қайраткерлігі. Балғын жасынан тек білім, ғылыми ізденістерімен шектеліп қойған жоқ, ел ісіне белсене араласты. Кеңес заманында «Білім қоғамы», басқа да көптеген республикалық қоғамдық ұйымдардың басы-қасында болды, Совет еліндегі заңгерлер ассоциациясының, саяси ғылымдар ассоциациясының белсенді мүшесі, Қазақстандағы заңгерлер одағының тұңғыш президенті, Советтік заңгерлер одағының басқармасының орынбасары қызметтерін абыроймен атқарды. Көптеген конференцияларға, ел келешегі туралы алқалы жиындарға белсене қатысты. Осындай үзбей ел ісіне араласу барысында оның көрнекті қоғам қайраткері тұлғасы сомдалды.

Сұлтекеңнің мемлекеттік дәрежесіндегі қайраткерлігін кеше егемендік аламыз деген өте жауапты кезеңнің тұсында, оның Қазақстан жоғары кеңесінің депутаты қызметінен жақсы көрдік. Совет Одағы ыдырады, Қазақстанға егемендік көп қиыншылықсыз өзі келді деушілер өз еліміздің ішінде де, оның сыртында да табылады. Егемендікпен толғатқанымыз рас, бірақ біз сияқты көп ұлтты мемлекет үшін ұлттар арасында тепе-теңдікті тауып, әсіресе жер иесі, негізгі ұлттың мүддесін заңдастыру Жоғарғы Кеңесте көптеген дау тудырғаны белгілі. Осы кезеңде ұлт мүддесін жақсы білетін, конституциялық құрылыс жүйесін тек Қазақстанға, немесе Ресейге байланысты ғана емес, басқа әлем елдеріндегісін де жақсы білетін, терең білімімен, озық біліктілігімен ұлт атынан сөз ұстаған азаматтар қажет болды. Депутаттар ішінен ондай азаматтар табылды да. Олар – академиктер Салық Зиманов пен Сұлтан Сартаев еді.

Сұлтекең сонау 1952 жылы Москва заң институтында «Қазақ автономиялық Советтік Социалистік Республикасының құрылуы мен дамуы» атты кандидаттық диссертациясын қорғап еді. Кейін МГУ-де қорғаған докторлық диссертациясы да мемлекеттік құрылыс туралы болатын. Осы ізденістер, оның көп жылғы жалғастары Сұлтекеңді конституциялық құрылыс жөнінде аса көрнекті ғалым дәрежесіне көтерді. Оны біз Сұлтан Сартаев Жоғарғы Советтің мінбесінде қасқайып тұрып Қазақстанның

егемендігі туралы Декларацияның, мемлекеттік тәуелсіздік туралы Конституциялық заңның, Республика азаматтығы туралы, тағы басқа да заңдардың авторы ретінде депутаттарға ұсынылған өте мұқият, жан-жақты қарастырылған жобалардан көрдік. Терең білім мен Сұлтекең бойындағы қайраткерлік қасиет осы заңдарды қабылдаудың үлкен бір көмекшісі болды. Сөйтіп, егемендіктің қарсаңы, оның алғашқа жылдары Сұлтан Сартаевтың азаматтық тұлғасын бұрынғыдан да жоғары көрсете білді. Бүгін Сұлтекең барша халық білетін һәм құрметтейтін мемлекет және қоғам қайраткері.

Сұлтекеңнің тағы бір қыры – ел ағасы. Халқының жанашыры, өскелең ұрпақтың тілекшісі. Бұны біз әрқашанда істеген ісінен, айтқан сөзінен, жүрген жүрісінен көреміз. Зиялы қауымның ақсақалы, абызы ретінде, кемел ақыл иесі ретінде қоршаған ортасында рухани ізгіліктің нұрын шашып жүреді. Сұлтекеңнің кіндік қаны тамған жері Шиелі, Қызылорда. Сол өңірге барғанда Сұлтан Сартаевқа деген ерекше құрметті көреміз. Екінің бірі сөзін Сұлтекең былай деп еді деп бастайды.Тіпті бұрын Политбюро көсемдерінің суреті тұратын жерлерде Сұлтекең суретін көріп масайрап қаласың.

Міне, Сұлтан Сартаев ағамыз туралы біздің пікіріміз осындай. Әр салада болғанымызбен бәрімізге ортақ ғылым-білім шаңырағының астында қызмет істеп келеміз. Ол кісіден алған үлгіміз көп. Араласа қалсаң әзіл-қалжыңы, айтқан афоризмдері қандай. Егер заң саласына көңілін бұрмаған күнде ақын боларына күмәніміз жоқ. «Сыр Сұлтаны, ғылым сырттаны» деп еді Сұлтекеңді сүйікті досы академик Манаш Қозыбав.

Жігіттің сұлтаны, білім-ғылым сырттаны болғанға не жетсін. Сұлтекеңнің ұзақ өмірі - сұлу өмір. Алдағы өмірі де осындай сұлу болғай!

Академик Кенжеғали Сағадиев
16 шілде 2012ж.